

"Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 маусымдағы N 360 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 19 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5242 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 19-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5191 болып тіркелген, 2008 ж. 30 мамырдағы N 81 (1307) "Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесіне 1-қосымша, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім департаменті (С. М. Өмірбаев):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Тұймебаев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

2008 жылғы»18 маусымдағы

N 360 бұйрығына қосымша

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің
білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың
үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық
және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесіне
1-қосымша

**ҰБТ сертификатының балдарын жалпы орта білім туралы
аттестаттың бағаларына ауыстыру шкаласы**

N p/c	Пән	2 (қанағат- танарлық- сыз)	3 (қанағат- танарлық)	4 (жақсы)	5 (үздік)
1.	Қазақ тілі	0-2	3-13	14-20	21-25
2.	Орыс тілі	0-2	3-13	14-20	21-25
3.	Қазақстан тарихы	0-2	3-13	14-20	21-25
4.	Математика	0-2	3-11	12-19	20-25
5.	Физика	0-2	3-11	12-19	20-25
6.	Химия	0-2	3-11	12-19	20-25
7.	Биология	0-2	3-13	14-20	21-25
8.	География	0-2	3-13	14-20	21-25
9.	Дүниежүзі тарихы	0-2	3-13	14-20	21-25
10.	Қазақ әдебиеті	0-2	3-13	14-20	21-25
11.	Орыс әдебиеті	0-2	3-13	14-20	21-25
12.	Ағылшын тілі	0-2	3-13	14-20	21-25
13.	Неміс тілі	0-2	3-13	14-20	21-25
14.	Француз тілі	0-2	3-13	14-20	21-25
15.	Қазақ тілі орыс мектептеріне арналған	0-2	3-11	12-17	18-25
16.	Орыс тілі қазақ мектептеріне арналған	0-2	3-11	12-17	18-25